

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ ЖӘНЕ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ  
БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ АРАСЫНДА «МЕНИҢ ОТАНЫМА 10 ИГІЛІКТІ ІС»  
ТАҚЫРЫБЫНДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯНЫҢ  
БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ**

**Астана қаласы**

**2014 жылғы 20 ақпан – 5 мамыр**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы ақпараттық-коммуникативтік технологиялар арқылы жалпы орта білім және қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру үшін жағдай жасау мақсатында жалпы орта білім және қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың арасында «Менің Отаныма 10 игілікті іс» тақырыбында Республикалық акцияны балаларға арналған [www.ziyatker.kz](http://www.ziyatker.kz) ғылыми-танымдық сайтта 2014 жылғы 20 ақпан – 5 мамыр аралығында қашықтықтан өткізеді.

Міндеттері:

балаларды қоғамдық маңызды іске жұмылдыру;

балалардың қоғам үшін маңызды жұмыстарды өз бетімен іздеу дағдыларын қалыптастыру;

жаңа ақпараттық технологияларды насихаттау.

Республикалық акцияға Қазақстан Республикасының өңірлерінен 12 жастан 18 жасқа дейінгі жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылар қатысады.

Акция келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

«Электрондық презентация»;

«Бейнеролик (бейнеклип)».

Акцияның мақсаты мен міндеттеріне жауап беретін жұмыстар бір немесе екі номинация бойынша қабылданады, әр номинациядан бір жұмыс болуы керек.

Жалпы орта білім және қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың арасында «Менің Отаныма 10 игілікті іс» тақырыбында Республикалық акцияны өткізу туралы қосымша ақпаратты мына мекен-жай бойынша алуға болады: Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 16/1, Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, тел/факс: 8 (7172) 44-53-38, электрондық пошта: [spo.rumcdo@mail.ru](mailto:spo.rumcdo@mail.ru).